

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 наурыздағы N 215 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 29 қараша N 1546. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 288 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының туберкулезбен және бруцеллезбен ауруының алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі 1999-2003 жылдар кезеңіне арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 наурыздағы N 215 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 8, 60-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының туберкулезбен және бруцеллезбен ауруының алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамына мыналар енгізілсін:

- | | |
|----------------------|--|
| Есімов | - Қазақстан Республикасының Ауыл |
| Ахметжан Смағұлұлы | шаруашылығы министрі, төраға |
| Кесікбаев | - Қазақстан Республикасының Қаржы |
| Сұлтанғали Қабденұлы | министрлігі Мемлекеттік органдарды |
| | қаржыландыру департаментінің |
| | директоры |
| Омаров | - Қазақстан Республикасының Мәдениет, |
| Жанай Сейітжанұлы | ақпарат және қоғамдық келісім |
| | министрлігі Бұқаралық ақпарат |
| | құралдары департаментінің директоры |
| Талқымбаев | - Қазақстан Республикасының Денсаулық |
| Әнуар Қазиханұлы | сақтау министрлігі Санитарлық- |
| | эпидемиологиялық қызмет және |
| | функционалдық қамтамасыз ету |
| | департаментінің директоры |
| Рақышев | - Қазақстан Республикасының Туберкулез |
| Ғалымжан Боранқұлұлы | проблемалары жөніндегі ұлттық |
| | орталығының туберкулез ғылыми-зерттеу |

институтының директоры (келісім бойынша);

к ө р с е т і л г е н к ұ р а м н а н :

Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаев, Еркін Ермекұлы Дүрімбетов, Елена Леонидовна Бахмутова, Нұралы Сұлтанұлы Бектұрғанов, Шахмұрат Шайымұлы Исмайылов шығарылсын;

"Иванов
Николай Петрович - Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринарлық институтының ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллезін зерттеу жөніндегі зертханасының бас ғылыми қызметкері (келісім бойынша)"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Иванов
Николай Петрович - Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің эпизоотология және жұқпалы аурулар кафедрасының профессоры, Алматы қаласы (келісім бойынша)".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі